



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«21» 07 2025 жыл № 462-8

Астана қаласы

город Астана

Оқушыларға арналған мектеп формасының талаптары туралы

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №107-13-19/1075 шығыс хатының (бұдан әрі – шығыс хаты) негізінде және Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын сақтау мақсатында Астана қаласындағы барлық білім беру ұйымдарында оқушылар үшін бірыңғай **қою көк түсті мектеп формасына** көшу енгізілуіне (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес*) байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп формасының түсі – қою көк.

Форманың үлгісі классикалық стильде сақталсын.

Ұл балаларға арналған мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, ақ түсті салтанатты көйлек, күнделікті ак көйлек, (суық мезгілде: тоқыма жилет, ақ водолазка). Ұл балалардың шалбары кең пішілген және ұзындығы бойынша аяқтың сирақтарын жауып тұрады. Ұсынылатын ең аз жинақ: көйлек, жилет және шалбар.

Қыз балаларға арналған мектеп формасы:

пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық ақ блузка, сарафан (суық мезгілде: тоқыма жилет, ақ водолазка). Қыз балалардың шалбары кең пішілген және ұзындығы бойынша аяқтың сирақтарын жауып тұрады. Белдемшенің ұзындығы – кеңсе үлгісінде, тізеден 5 см-жоғары болмауы керек.

2. Ата-аналар мектеп формасының ұсынылған үлгісі бойынша кез келген сауда орнынан мектеп формасын сатып алуды өздері тандасын.

3. Белгілі бір сауда орнынан сатып алуға **міндеттеуге қатаң тыйым салынсын.**

Ескерту: Әртүрлі дін өкілдерінің діни киім элементтерін мектеп формасына қосуға жол берілмесін.

4. Мектеп формасын сақтау 1-11 сынып оқушыларын және ата-аналарды хабардар ету сынып жетекшілерге жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.К. Сулекеевке жүктелсін.

Негіздеме: шығыс хат

Директордың міндетін
уақытша атқарушы



А. Сармантаева